

тіркеу №95
28. 06. 2024 жыл

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
2024 жылғы 26.06
№11 шешімімен бекітілді

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының сыйайлас
жемқорлыққа қарсы стандарты**

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар:

№	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Бекітілген күн	Хаттама №	Тіркеу №
1	Хаттама	«___» 202___ ж.	№ ___	№ ___
2	Хаттама	«___» 202___ ж.	№ ___	№ ___
3	Хаттама	«___» 202___ ж.	№ ___	№ ___
4	Хаттама	«___» 202___ ж.	№ ___	№ ___

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 20___ жылғы «___» № ___ хаттамасымен күшін жойды деп танылды.

«Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	2-бет 6-дан
---	--	----------------

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. «Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі – Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңына және «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – Қор) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт мақсаты – Қордағы сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға және Қор қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты әрекетін қалыптастыруға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу.

2-тaraу. Қор қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты әрекетінің қағида

3. Қор қызметкері:

1) жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделері мен құқықтарын жүзеге асыру кезінде:

жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сакталуын және қоргалуын қамтамасыз етуі, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауы, олар бойынша қажетті шаралар қолдануы;

жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қыннататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуі;

жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді пайдаланбауы;

Қордың ішкі нормативтік құжаттарының тәртібі мен талаптарын мүлтікіз сақтауы;

2) басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде (өз құзыреті аясында барлық денгейдегі басшылар):

атқаратын лауазымдарына сәйкес қарамағындағы қызметкерлер арасында олардың жұмыс тәжірибесін ескере отырып, міндеттер мен қызметтік міндеттер көлемін бөлуі;

қарамағындағылардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ оларға көтермелебеу және жазалау шараларын қолдану кезінде бірыңгай критерийлер мен жан-жақтылықты қолдануы;

қарамағындағылардың сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюы;

тікелей қарамағында жақын туыстарының болуына тыйым салу қағидатын ұстануы;

қарамағындағылар мен басқа да қызметкерлер тарапынан Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуі және жолын кесуі;

сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, сондай-ақ қарамағындағы қызметкердің өзінің қызметтік міндеттерін орындауды барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде уақтылы шаралар қолдануы;

қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін қарамағындағыларды тартуға жол бермеуі;

мемлекеттік қызметтердің қоғамдық мониторингінің нәтижелерін қарауды және рәсімдерді оңайлату, мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі мен мерзімдерін қысқарту болігінде мемлекеттік қызметтер көрсету үдерістерін одан әрі онтайландыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды;

3) ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын дайындау кезінде:

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауды;

«Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	З-бет 6-дан
---	--	----------------

занды тұлғалардың заңды мүдделерін бұзуға жол бермеуі;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысуы;

5) қызметтер, оның ішінде мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтер, оның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету;

міндettі зейнетақы жарналарының салымшыларына, жұмыс берушінің міндettі зейнетақы жарналары, міндettі көсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаларға (зейнетақы төлемдерін алушыларға), нысаналы талаптарға қатысушыларға немесе олардың заңды өкілдеріне, нысаналы жинақтарды алушыларға (бұдан әрі – Қордың қызметтерін алушылар) көрсетілетін қызметтердің, оның ішінде мемлекеттік қызметтің сапасын арттыру бойынша шараларды тұрақты қолдануы;

Қор қызметтерін алушылардың қызметтер, оның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасына шағымдарын карау кезінде шағымдарды қараудың кешіктірілуіне жол бермеуі, оларды белгіленген мерзімдерде нәтижелері туралы хабардар етуі;

қызметтер, оның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету кезінде негізсіз бас тарту жағдайларына жол бермеуі;

Қор қызметтерін алушыларға қызметтер, оның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық және дұрыс ақпаратты қолжетімді нысанда ұсынуы;

мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті рәсімдерді женілдету, құжаттар тізбесі мен мерзімдерді қысқарту болігінде қызметтер көрсету үдерістерін одан әрі онтайландыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыруы;

6) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу кезінде:

тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты онтайлы және тиімді жұмсауы;

әлеуетті жеткізушилерге тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тек мүмкіндіктер беруі;

тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу үдерісінің ашықтығы мен шынайылығын қамтамасыз етуі;

сыйбайлас жемқорлықтың белгілеріне жол бермеуі тиіс.

3-тaraу. Басқа да шектеулер, тыйымдар мен талаптар

4. Қор қызметкери:

1) заңдылық қағидатын басшылыққа алуы, Қазақстан Республикасы Конституциясының, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын қатаң сақтауы;

2) еңбек тәртібін мұлтіксіз сақтауы, берілген өкілеттіктерге адал, бейтарап билік етуі және өзінің қызметтік міндettтерін тиісінше орындауы;

3) Қордың мұлкі мен меншігінің сақталуын қамтамасыз етуі, оларды ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдалануы;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын ашууда белсенділік танытуы;

5) конфиденциалдылықты сақтауы және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтердің, сонымен қатар зейнетақы жинақтарының және (немесе) нысаналы жинақтардың және (немесе) шартты зейнетақы шоттарының құпиясын, Қор қызметтерін алушылардың және Қорд қызметкерлерінің дербес деректерін, және өзіне сеніп тапсырылған немесе жұмыс бойынша белгілі болатын Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес конфиденциалды ақпаратқа жатқызылған басқа мәліметтерді үшінші тұлғаларға жария етпеуі немесе жеке мақсатта пайдаланбауы ;

«Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының сыйбайлас жемқорлықта қарсы стандарты	4-бет 6-дан
---	--	----------------

6) мұдделер қақтығысын болдырмау және шешу бойынша шаралар қолдануы;
 7) басқа адамдарды сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмейі және қолдамауы;

8) Қордың оң имиджін қолдауы: «Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы қызыметкерлерінің корпоративтік әдел кодексін және мінез-құлықтың әдел нормаларын сактауы, лауазымдық міндеттерін атқару, қызыметтер, оның ішінде мемлекеттік қызымет көрсету мен жеке және заңды тұлғалармен басқа қарым-қатынас кезінде дұрыс мінез-құлық көрсетуі тиіс.

5. Қор қызыметкерлеріне:

1) жеке және (немесе) заңды тұлғалардан немесе олардың өкілдерінен жеке немесе делдалдар арқылы өздерінің лауазымдық өкілеттіктері мен мүмкіндіктерін пайдалануға байланысты заңсыз мүліктік/мүліктік емес иғіліктер мен артықшылықтар қабылдауға не мүліктік/мүліктік емес пайда, ақша, қызымет түрінде және өзге де нысандарда кез келген сыйақы алу үшін өз өкілеттіктерін басқаша пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген әкімшілік және/немесе қылмыстық жауапкершілікке (сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына) апарып соқтыратын сыйбайлас жемқорлықпен ұштасқан немесе сыйбайлас жемқорлық үшін жағдай жасайтын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кінәлі әрекеттерді жасауға;

3) өзінің жақын туыстарының (ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен әпке-қарындастары/сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) және (немесе) жұбайының (зайыбының), сондай-ақ жекжаттарының (жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен әпке-қарындастары/сіңлілері, ата-анасы, балалары) материалдық мұдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өзінің лауазымдық өкілеттіктерін пайдалануға;

4) Қорда қызыметкерлерді қабылдау және мансаптық ілгерілету кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген артықшылықтар (протекционизм, отбасылық) беруге;

5) шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде жеке және/немесе заңды тұлғаларға заңсыз артықшылық беруге;

6) кімге болмасын кесіпкерлік және табыс табуға байланысты өзге де қызыметті жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген кез келген жәрдемді көрсетуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында берілуі көзделген ақпаратты жеке және/немесе заңды тұлғаларға беруден негізсіз бас тартуға, оны кешіктіруге, жалған немесе толық емес ақпарат беруге;

8) жеке немесе заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген ақпаратты талап етуге;

9) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараудың және оның құзыретіне кіретін өзге де мәселелерді шешудің заңда белгіленген тәртібін бұзуға;

10) көрсетілген тұлғалардың лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, иғілік не артықшылық алу үшін жоғары тұрған тұлғаларға сыйлықтар беруге және қызыметтік емес қызыметтер көрсетуге;

11) жоғары тұрған немесе тәмен тұрған адамдармен не олармен қызыметі немесе жұмысы бойынша өзгеше тәуелді адамдармен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатысуға;

12) Қорда үшінші тұлғалардың істері бойынша өкіл болуға;

13) Қор қызыметінің материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын қызыметтік емес мақсаттарда пайдалануға;

«Бірыңгай жинақтауыш зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңгай жинақтауыш зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	5-бет 6-дан
---	--	----------------

- 14) Қордың қалыпты жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін іс-әрекеттерге қатысуға;
- 15) мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласуға;
- 16) егер мұдделер қактығысы болса, лауазымдық міндеттерді атқаруга;
- 17) Қордың басқа қызметкерлеріне, өзге де жеке және занды тұлғаларға қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамның қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік, дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол беруге тыйым салынады.

4-тaraу. Қорытынды ережелер

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қордың барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті.

7. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қордың қызметкерлері Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнаманы бұзғаны үшін Қордың қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікке тартылады.

9. Қор қызметкерлерінің Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауын бақылау Қордың тиісті құрылымдық бөлімшелерінің, филиалдарының басшыларына жүктеледі.

Қордың құрылымдық бөлімшелері, филиалдары басшыларының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауын бақылау Қордың тиісті құрылымдық бөлімшесінің, филиалының қызметіне жетекшілік ететін басшыға жүктеледі.

Қордың Басқарма хатшысының, Басқарушы директорларының (Басқарма мүшесі емес), кенесшілерінің Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауын бақылау Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес көрсетілген тұлғалар тікелей бағынатын басшыға жүктеледі.

Қордың Корпоративтік хатшысының, Басқарма мүшелерінің Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауын бақылау Қордың Басқарма Төрағасына жүктеледі.

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бөлімшесі Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың өзекті мазмұнына жауапты болады.

Басқарма Төрағасы

Ж.Курманов

it/c, жұбасов

Сарсен

Анж (Монберкетов А.А.)

Rusl (Ресшелескенів 40)

Оле (Жукешова)

**«Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының сыйбайлас
жемқорлыққа қарсы стандартын келісу парагы**

Лауазым атавы	Аты-жөні	Қолы	Ескерту
Ішкі аудит департаменті директорының орынбасары	О. Сұлтанқұл		
Зан департаментінің директоры	Н. Бактыбаев		
Тәуекел-менеджмент департаментінің директоры	Э. Талаева		

Осы арқылы қағаз тасымалдағыштағы туынды құжаттың электрондық нұсқада келісілген
құжатқа сәйкес өкенін растаймыз.

Әзірлеуші:

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс
басқармасының бастығы

А. Жукенова

Президенту Республики Казахстан
Начальнику Управления
антикоррупционного
Комплекса  Жукунова А.С.